

"Қазақстан Республикасының орта кәсіптік оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 707 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 364 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 23 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2375. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 244 (V053627) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН :

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 қыркүйекте N 1245 тіркелген "Қазақстан Республикасының орта кәсіптік оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 707 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының орта кәсіптік оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережесінде:

1-тармақтың бірінші абзацында "басқа мемлекеттердің азаматтары болып табылатын қазақ ұлтының адамдары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын қазақ ұлтының адамдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-1-тармақ "ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын" деген сөздердің алдынан "1-қосымшаға сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-2 тармақпен толықтырылсын:

"1-2. Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік құпиямен жұмыс істеуді талап ететін кәсіптік орта білім берудің жекелеген мамандықтары бойынша қабылдау 2-қосымшаға сәйкес, мамандандырылған мемлекеттік кәсіптік орта оқу орындарында және кәсіптік орта білім беретін басқа да мемлекеттік оқу орындарының мамандандырылған бөлімдерінде ғана жүзеге асырылады";

мынадай мазмұндағы 1-3 тармақпен толықтырылсын:

"1-3. Азаматтарды қабылдау тәртібін: кәсіптік бастауыш білімі барларды қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша оқуға;

кәсіптік орта білімі барларды ақылы негіздегі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға, екінші кәсіптік орта білім алу үшін кәсіптік орта білім беретін оқу орындарының қабылдау комиссиялары белгілейді";

3-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Кәсіптік орта оқу орындарына түсетін азаматтардан өтініштер қабылдау 20 маусымнан 15 тамызға дейін, кешкі және сырттай оқу нысандарына 15 қыркүйекке дейін жүргізіледі. Сырттай оқу нысаны бойынша түсу емтихандары 2 шілдеден 28 шілдеге дейін, кешкі және сырттай оқу нысандарына 25 қыркүйекке дейін жүргізіледі.

Мәдениет пен өнер мамандықтары (0604002, 0605002, 0606002, 0607002, 0608002, 0609002, 0610002, 0611002, 0612002, 0613002, 0614002, 0615002, 0616002, 0619002, 0630002, 0639002, 0640002) бойынша өтініштер қабылдау 20 шілдеге дейін, арнайы (шығармашылық) емтихандар 21 шілдеден 28 шілдеге дейін жүргізіледі";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Азаматтарды қабылдау түсу емтихандары аяқталғаннан кейін және күндізгі оқу нысанына түсетіндер үшін 30 тамыздан кешіктірілмей, кешкі және сырттай оқу нысанына түсетіндер үшін 30 қыркүйектен кешіктірілмей жүргізіледі";

4-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

7-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жалпы орта білімі бар азаматтар үшін түсу емтихандары жалпы орта білімнің оқу бағдарламалары көлемінде - үш пән, ал жалпы негізгі білімі бар азаматтар үшін жалпы негізгі білімнің оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша жүргізіледі";

7-тармақтың бесінші абзацындағы "Емтихан нәтижелері талапкерлердің назарына кешенді тестілеу өткізілгеннен кейін бір тәуліктің ішінде жеткізіледі" деген сөздер "Кешенді тестілеудің нәтижелері ол өткізілген күні жарияланады" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың алтыншы абзацындағы "Абитуриент" сөзі "Азаматтар" деген сөзбен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсеткіштері бірдей болған жағдайда (растайтын құжаттары болған жағдайда): жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, медициналық-әлеуметтік сараптама комиссияларының қорытындысы бойынша орта кәсіптік оқу орындарында оқуға болатын I, II топтағы мүгедектер мен бала кезден мүгедектерге және үздік білімі туралы құжаты бар азаматтарға оқуға қабылдаудың артықшылық құқығы беріледі (куәліктер, аттестаттар, дипломдар)"

;

12-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын.

2. Ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын Кәсіптік орта білім беру мамандықтарының тізбесі бекітілсін (1-қосымша).

3. Мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеуді талап ететін Кәсіптік орта білім беру мамандықтарының тізбесі бекітілсін (2-қосымша).

4. Кәсіптік бастауыш және орта білім департаменті (Қ.А. Лекер) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін

атқарушы

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2003 жылғы 30 мамырдағы
N 364 бұйрығына

1 қосымша

Ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын Кәсіптік орта білім беру мамандықтарының тізбесі

N	Мамандық топтарының	ҚР кәсіптік білім атауы	Білім беру профилі Мамандықтың атауы (кәсіптерінің) коды
---	---------------------	-------------------------	--

1	2	3	4
---	---	---	---

1	0100000 Жаратылыстану- мамандықтар	0101002 0102002	Гидрология Метеорология Ғ ы л ы м и
2	02000002 Гуманитарлық мамандықтар	0201002 0202002 0203002 0204002 0205002	Құқық және әлеуметтік қамтамасыз етуді ұйымдастыру Құқық қорғау қызметі Криминалистік сараптау Әлеуметтік іс Құқықтану

		0206002	Патенттану
	0208002	Мемлекеттік автоинспекция	
3	0300000	0301002	Мектепте дейінгі тәрбие
	Білім беру мамандықтар	0302002	Мектептен тыс және сыныптан тыс тәрбие жұмысы
		0303002	Математика
		0304002	Физика
		0305002	Ұйғыр тілі және әдебиеті
		0306002	Қазақ тілі және әдебиеті
		0307002	Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті
		0308002	Орыс тілі және әдебиеті
		0309002	Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі орыс тілі және әдебиеті
		0310002	Дене тәрбиесі
		0311002	Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері және валеология
		0312002	Валеология
		0313002	Кәсіптік оқыту (сала бойынша)
		0314002	Бастауыш сыныптарды оқыту
		0315002	Бейнелеу өнері және сызу
		0316002	Шетел тілі
		0317002	Әлеуметтік педагогика
		0318002	Технология
		0319002	3 жастан 10 жасқа дейінгі балалар білімі
		0321002	Өзбек тілі және әдебиеті
	0322002	Саздық білім беру	
4	0400000	0401002	Емдеу жұмысы
	Медициналық мамандықтары	0402002	Акушерлік жұмыс
		0403002	Гигиена және эпидемиология
		0404002	Стоматология
		0405002	Ортопедиялық стоматология
		0406002	Фармация
		0407002	Мейірбике ісі
		0408002	Лабораториялық диагностика
	0409002	Медициналық оптика	

5	0500000		0501002	Ветеринария В е т е р и н а р л ы қ
	мамандықтары			
6	0600000	Өнер және мәдениет мамандықтары	0601002	Кітапхана жұмысы
			0603002	Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркем шығармашылық
			0604002	Аспапта орындаушылық
			0607002	Хорды дирижерлеу ету
			0608002	Музыка теориясы
			0611002	Хореографиялық өнер
			0612002	Актерлік өнер
			0616002	М ү с і н
		0619002		Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнер (профиль бойынша)
			0622002	Көркем тоқымашылық өнері
			0624002	Көркемдік бұйымдар мен сәндік заттарды қалпына келтіру
			0627002	Ағашты көркемдеп өңдеу
			0630002	Көркем қыш бұйымдары
			0636002	Металды көркемдік өңдеу
			0639002	С ә у л е т
		0640002		Дизайн (профиль бойынша)
7	0700000	Экономикалық мамандықтар	0701002	Статистика
			0705002	Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит (салалар бойынша)
			0706002	Тұтыну тауарларының сапасын с а р а п т а у
			0711002	Коммерция (әр сала бойынша)
			0712002	Менеджмент (салалар бойынша)
			0713002	Бағалау (салалар және қолдану аймақтары бойынша)
			0714002	Салық ісі (салалар бойынша)
			0716002	Б а н к і с і
			0718002	Сақтандыру ісі (салалар бойынша)
		0719002		Кеден ісі
8	0800000	Қызмет көрсету саласы	0802002	Күрделі тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет к ө р с е т у

		0808002	Үй шаруашылығын жүргізу
		0810002	Радиотехника және телеаппараттарды жөндеу және пайдалану
		0812002	Кино-бейне техникасы
	0814002		Бұйымдарды химиялық тазалау және бояу
		0816002	Фото ісі
	0819002		Шаштараз өнері мен сәндік косметика
	0824002		Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану
	0829002		Қонақ үйлерде және туристік кешендерде қызмет көрсетуді ұйымдастыру
	0830002		Халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыру
	0831002		Маркетинг (салалар бойынша)
	0832002		Аударма жұмысы
9	1600000	1601002	Стандарттау, сертификаттау және өнім сапасын бақылау (салалар бойынша)
	Метрология, стандарттау және сапаны бақылау	1602002	Метрология
		1606002	Металл және пісірілген қосылыстар сапасын бақылау
10	1700000	1701002	Өрт қауіпсіздігі
	Тіршілік қауіпсіздігі	1703002	Экология және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану (салалар бойынша)
		1704002	Мелиорация және жерді қорғау
	1705002		Төтенше жағдайларда құтқару
11	1900000	1916002	Жер асты және шахталық құрылыс
	Тау-кен ісі		
12	2000000	2002002	Мұнай және газ кен орындарын пайдалану
	Мұнай-газ ісі	2004002	Мұнай мен газ скважиналарын бұрғылау
		2006002	Мұнай-газ құбырларын және мұнай-газ қоймаларын салу және

		п а й д а л а н у	
		2007002	Мұнай мен газды сақтау және т а с ы м а л д а у
		2009002	Жер асты құбырлары және компрессорлы станцияның электр ж ү й е с і н к ү т у
		2015002	Құбырларды және технологиялық жабдықтарды монтаждау
		2017002	Бұрғылау жұмыстары технологиясы
		2019002	Мұнай-газ және жанар май құю станцияларын салу мен пайдалану
		2020002	Скважиналарды мұнай мен газға сынау
13	2100000 Электро- энергетика	2103002	Электр станциялары мен кіші. гірім станцияларының электр жабдықтары
		2105002	Электрмен қамтасыздандыру (әр с а л а б о й ы н ш а)
		2106002	Электр стансалары мен бөлімше стансалардағы және электр жіберу жолдарындағы электр жабдықтарын монтаждау және қалыпқа келтіру
14	2200000 Энергетика	2201002	Жылу электр станциялары энергетикалық қондырғылары
		2203002	Жылумен қамтамасыздандыру жүйесі мен жылу техникасы құрылғыларын пайдалану
		2204002	Электр станцияларында су, отын және майлау материалдары т е х н о л о г и я с ы
		2206002	Жылу электрстанцияларын, жылу энергетикалық жабдықтарын монтаждау және қалыпқа келтіру
		2207002	Жылыту қазан қондырғыларын пайдалану
15	2400000 Металлургия	2424002	Автоматтандырылған жүйелерді пайдалану
16	Машина жасау технологиясы	2512002 2512012	Арнайы машиналар мен құрылғылар

17	2600000	2605002	Электржабдықтарын сынау және жөндеу электромеханигі
	Авиациялық техника		
18	2700000	2708002	Кеме машиналары мен механизмдеріне техникалық қызмет көрсету
19	2800000	2802002	Көтергіш-көлік, құрылыс, жол машиналары мен жабдықтарын пайдалану, техникалық күту және жөндеу
	Көлік техникасы	2807002	Темір жол жылжымалы құрамдарын жөндеу және техникалық күту
		2810002	Электр көліктерін техникалық күту және жөндеу
20	2900000	2908002	Ұсталық-пресс жабдықтары
	Машиналар мен жабдықтар технологиясы	2921002	Электрмеханикалық жабдықтар
		2932002	Сауда және қоғамдық тамақтану өнеркәсіптері жабдықтарын жөндеу және пайдалану
		2934002	Тоңазытқыш-компрессорлы машиналар мен қондырғыларын монтаждау, күту және жөндеу
		2936002	Механикаландыру және автоматтандыру құрал-жабдықтарын (әр сала бойынша) техникалық пайдалану, күту және жөндеу
21	3000000	3002002	Автокөлікті пайдалану және жөндеу
	Көлікті пайдалану	3005002	Жолаушылар мен жүкті тасымалдауды ұйымдастыру (әр сала бойынша)
		3018002	Темір жол электротехника жүйесін пайдалану
		3020002	Темір жол транспортында оперативті технологиялық байланыстар құрылғыларын пайдалану
		3035002	Өзен флотында кеме жүргізу және пайдалану

		3107002	Полиграфиялық машиналар мен жабдықтарын пайдалану
		3107012	
22	3300000	3301002	Электр машиналары мен аппараттары
	Электр	3303002	Электротехникалық қондырғылар
	машиналарын	3305002	Көлік электр жабдықтары
	жасау, электр	3306002	Электр және электромеханикалық жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету, техникалық пайдалану (әр сала бойынша)
	технологиялары және электр механикасы	3312002	Кәсіпорындар мен азаматтық ғимараттардың электр жабдықтарын монтаждау, іске қосу, дайындау және пайдалану
23	3500000	3501002	Электронды аспаптар мен құрылғылар
	Электронды техника		
24	3600000	3601002	Автоматты басқару жүйелері А в т о м а т и к а
	және басқару		
25	3700000	3703002	Есептеу машиналары, кешендері, жүйелері мен тораптары
	Информатика және есептеу техникасы	3704002	Ақпараттарды өңдеу мен басқарудың (әр сала бойынша) автоматтандырылған жүйелері
		3706002	Есептеу техникасы мен автоматтандырылған жүйелерді бағдарламалық қамтамасыздандыру
26	3800000	3802002	Радиобайланыс, радиохабар және теледидар
	Б а й л а н ы с ,	3805002	Байланыс желілері және коммутация жүйесі
	радиоэлектроника және телекоммуникация	3809002	Көпканалдық телекоммуникация жүйелері
		3810002	Радиофикация және телефондық байланыс жүйелері құрылыстарын пайдалану

		3813002	Пошта байланысы
		3815002	Автоматтандырылған байланыс жүйесін пайдалану
		3820002	Гидрометеорологиялық және радиотехникалық жүйелерді п а й д а л а н у
		3821002	Гидрометеорологияда радиоэлектроника және телекоммуникация байланысы
		3823002	Автоматика және байланыс жүйелерін монтаждау
		3825002	Автоматты электр байланысы
		3826002	Радиотехника
		3827002	Аудиовизуальды техника
		3832002	Көліктік (көлік түріне қарай) радиоэлектрондық жабдықтарды техникалық пайдалану
		3834002	Радиоэлектронды техникаларды (әр сала бойынша) техникалық күту және жөндеу
		3836002	Электрленген және пилотажды-навигациялық кешендерді техникалық пайдалану
27	3900000	3902002	Химиялық технология және өндіріс
	Химикалық	3925002	Мұнай мен газды қайта өңдеу
	өнеркәсіп	технологиясы	
28	4000000	4003002	Өңдеу өндірісі жабдықтары
	Көпшілік	4005002	Тері және былғары өңдеу технологиясы
	тұтынатын		
	тауарлар мен	4006002	Өңдеу өндірісінің химиялық технологиясы
	бұйымдардың		х и м и к а л ы қ
	технологиясы		
29	4100000	4102002	Талшықты материалдарды алғашқы өңдеу
	К ө п ш і л і к		
	тұтынатын	4104002	Иіру өндірісінің технологиясы
	тауарлар мен	4106002	Түту жабдықтары
	бұйымдардың	4110002	Мата және трикотаж технологиясы
	технологиясы	4119002	Тігу өндірісінің технологиясы

		4123002	Киімдерді моделдеу мен конструкциялау
		4132002	Трикотаж өндірісі технологиясы
		4133002	Аң терісі мен қой терісі бұйымдарының технологиясы
		4134002	Музыка аспаптарын өндіру
		4136002	Жүн-киіз және фетр бұйымдарының технологиясы
30	4200000	4202002	Жармалық, ұн тартатын құрама жем және элеватор жабдықтары мен машинасы
	Азық-түлік тағамдарын өндіру технологиясы	4204002	Темекі өндірісі
		4205002	Майлар мен май орнына пайдаланатын заттар технологиясы
		4207002	Азық-түлік тағамдарын өндіру машиналары мен жабдықтарын пайдалану
		4209002	Қанттық заттар технологиясы
		4214002	Нан, макарон және кондитер өндірісі
		4216002	Консерві және ас концентраттары технологиясы
		4221002	Алкогольсіз пиво және спирт өндірісі технологиясы
		4223002	Ашытқы өндіру және вино жасау технологиясы
		4225002	Сүт және сүт тағамдарын өндіру технологиясы
		4228002	Ет және ет тағамдарын өңдеу технологиясы
		4232002	Балық және балықтан жасалатын тағамдар технологиясы
		4233002	Астықты сақтау және қайта өңдеу
		4234002	Тамақтандыру мекемелері тағамдарының технологиясы және оны ұйымдастыру
		4238002	Көкөністер мен жемістерді сақтау және қайта өңдеу

31	4300000	4303002	Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану
	Құрылыс және сәулет өнері	4304002	Азаматтық ғимараттардың интерьер дизайны, оларды қалпына келтіру және қайта құру
		4317002	Ішкі санитарлы-техникалық құрылғылар мен вентиляцияны монтаждау және пайдалану
		4320002	Сумен жабдықтау және суды ағызу жүйесін пайдалану
		4323002	Газ жабдықтау жүйесі мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану
		4328002	Жергілікті, магистралды және желілік құбырларды пайдалану және жөндеу
		4332002	Автомобиль жолдары мен аэродромдар салу және пайдалану
		4333002	Көпірлер және басқа да жасанды құрылыстар салу және пайдалану
	4342002	Ағаш өңдеу технологиясы	
32	4400000	4402002	Ауыл шаруашылығын механикаландыру
	Ауыл және орман шаруашылығы	4405002	Жерге орналастырушылық
		4406002	Агрономия
		4409002	Өсімдік қорғау және агроэкология
		4410002	Гидромелиорация
		4411002	Мелиорация жұмыстарын механикаландыру
		4412002	Фермерлі шаруашылықты ұйымдастыру және жүргізу
		4418002	Ихтиология және балық аулау
		4419002	Балық қорын сақтау және балық аулау кәсібін ұйымдастыру
		4421002	Зоотехния
	4422002	Аңшылық және аң өсіру шаруашылығы	
		4424002	Балара өсіру
		4428002	Құс өсіру
		4430002	Жібек шаруашылығы

4432002	Ауыл шаруашылығын автоматтандыру және электрлендіру
4434002	Орман шаруашылығын ұйымдастыру
4436002	Орман шаруашылығы және ағаш дайындау технологиясы
4437002	Орман және орман бақтары шаруашылығы
4439002	Бақ-саябақты және ландшафты құрылыстар

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2003 жылғы 30 мамырдағы

№ 364 бұйрығына

2 қосымша

Мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеуді талап ететін

Кәсіптік орта білім мамандықтарының тізбесі

0202002

Құқық қорғау қызметі

1701002 Өрт қауіпсіздігі